

A. T. КӨКЕНОВА, A. P. ҚАЛЫМБЕТОВА

(К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Туркістан, Қазақстан)

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМДАРЫНДА ІШКІ ШАРУАШЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТИНДЕГІ ІШКІ АУДИТ

Аннотация. Мақалада ауыл шаруашылығы ұйымдарында ішкі шаруашылық бақылаудың құралы ретінде ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

Тірек сөздер: ішкі шаруашылық бақылау, ішкі аудит, сыртқы аудит, бақылау-тексеру, қаржылық акпарат.

Ключевые слова: внутрихозяйственный контроль, внутренний аудит, внешний аудит, контроль-приверка, финансовая информация.

Keywords: intraeconomic control, internal audit, external audit, control check, financial information.

Ұйымның барлық қызметтерін тиімді жүзеге асыру үшін, өнім өндірісін ұлғайту, оның өзіндік құнын тәмендету, шаруашылық және басқару механизмдерін жетілдіру үшін, қызметтің барлық буындарына құнделікті ішкі шаруашылық бақылау мен жеке процестерді сараптау қажет. Қазіргі жағдайларда ұйымдарда материалдық-ақшалай құралдардың тиімді мақсатты пайдалануын, салықтар мен басқа да төлемдер бойынша мемлекет алдындағы, жабдықтаушылар мен мердігерлер алдындағы міндеттемелердің орындалуын, экономикалық субъектілердің дебиторлық қарызырының уақытылы жабылуын және бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуы мен дұрыс жүргізуін құнделікті бақылау қажеттілігі туындаиды.

Бақылау-тексеруді білікті жүргізу үшін, арнайы ішкі бақылау (аудит) қызметі қажет. Ішкі аудит – көсіпорынға қызмет көрсету аясында жүргізілетін ішкі бақылау жүйесін талдау үшін менеджмент арқылы анықталатын қызмет. Ішкі аудиттің көмегімен бақылау және талдау іске асырылады, сонымен көтөрілген жүйелерді жақсартуға, жетілдіруге ұсыныстар беріледі [1].

Оларға қызметтердің мынадай түрлері тән:

1. Қаржылық және операциялық ақпараттарды тексеру. Бұл сыртқы аудитордың жұмысымен сәйкес келетін үнемі жалғасатын үрдіс.

2. Операциялардың үнемділігін, тиімділігін талдау, оның ішінде қаржылық емес бақылау да бар. Кейде оны «ақша құнының» аудиті деп те атайды.

3. Зандар мен ережелерге, менеджменттің әртүрлі сыртқы талаптары мен саясатына және басқа да ішкі талаптарға сәйкестікті талдау.

Бұл үшін:

а) активтердің қабылдануы мен есептен шығарылуының заңды болғанына және осы активтердің тиімді түрде пайдаланылуы мен сақталуы қамтамасыз етілгеніне көз жеткізу керек. Ішкі аудитор активтердің менеджменттің рұқсатына сәйкес алынуы мен сатып-өткізуіне ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынға тиесілі активтердің сақталуы қамтамасыз етіліп жатқандығына сенімді болуы керек. Мысалы, активтер сақтандырылған және арнайы сақтау орнында түр. Бұдан эрі, ол активтердің тиімді пайдаланылып жатқандағына сенімді болуы керек. Мысалы, өндірістік қалдықтардың көлемі кішірейіп, қажетсіз материалдар мүмкін болғанша қайта өндөліп, өткізіліп жатыр;

ә) міндеттемелердің ұйымның тек құқықтық операцияларына ғана қатысы бар екендігін растау.

Ішкі аудитор ұйымның жүзеге асырып жатқан операцияларының барлық типтері жайлы мәліметті білуі қажет. Бұл оның жүзеге асырылған операциялардың бірде-біреуіне сәйкес келмейтін міндеттемені тез танып білуіне мүмкіндік береді. Ол акпараттың барлық түріне қол жеткізе алуы керек, бұған өзгеше келісім-шарттарды растап алатын хаттамалар да кіреді.

4) Ішкі аудит қызметі орташа және ірі кәсіпорындарда құрылады. Кейбір жағдайларда қызметтің осындай түрін құру заңмен қарастырылады.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы кәсіпорынның жоғарғы басшылығы бекіткен «Ереже» деп атапатын фирмашілік актінің шенберінде біліктілік, өз бетінше жұмысын іске асыра алушылық және жауапкершілік қағидаларының негізінде құрылады.

610 «Ішкі аудит қызметінің жұмысын қарастыру» деп атапатын ХАС-да былай делінген: Ішкі аудит оның қызметтерінің бірі ретінде субъект ішінде жұмысты бағалау бойынша құрылған қызмет болып танылады. Басқа да мәселелермен қоса оның атқаратын қызметтерінің құрамына ішкі бақылау мен бухгалтерлік есеп жүйесінің бірдейлігіне, тиімділігіне және дұрыстығына мониторинг, тексеру жүргізу, баға беру кіреді [2].

Сыртқы аудитор және ішкі аудитке деген сенімділік 610 «Ішкі аудит қызметінің жұмысын қарастыру» деп атапатын аудиттің халықаралық стандартында қарастырылады, ол аудитті қабылдаудың әртүрлі жақтарын ұсынады.

Ішкі аудит деп бухгалтерлік есепті белгіленген тәртіpte жүргізуді қадағалау жүйесі мен кәсіпорында ішкі бақылаудың сенімді жүйесінің қызметі түсініледі.

Ішкі аудит – ұйымдағы оның жұмысын тексеру мен бағалау жөніндегі тәуелсіз қызметі. Ішкі аудиттің обьективті қажеттілігі мен экономикалық мөнін түсінү басқарушылық құрылымының қызметін талдаумен байланысты. Бірқатар авторлар ішкі аудитті менеджменттің құрамдас бөлігі ретінде емес, одан бөлекtek қарастыру қажеттілігін айтады, бірақ кәсіпорын ішінде менеджмент бақылауының ролі зор.

Ішкі аудиттің қажеттілігі, жоғарғы буынының кәсіпорынның күнделікті қызметіне бақылау жасалмауы себебінен және төменгі деңгейлерде жиналатын, қызмет туралы мәліметтерге деген немесе төменгі деңгейдегі менеджерлердің есептерінің дұрыстығын растау қажеттілігінен туындаиды. «Ішкі аудит – экономикалық субъектінің құрылымдар буындары қызметінің тиімділігін бақылау тәсілдерінің бірі» [3].

Егер де бақылау жақсы жұмыс атқарса, онда өз кезегінде дұрыс қаржы есептерін құруға, бастапқы мәлімет болып табылатын, жеткілікті және толық қаржылық мәліметтерді беретін жүйес құрылады. Ішкі бақылау әлсіз болған жағдайда немесе тіптен болмаған кезде, қаржылық мәліметтер базасын жеткілікті сенімді деп атауға болмайды.

Ішкі бақылаудың обьектілері кәсіпорын қызметінің әрбір түрі үшін анықталуы керек. Олар логикалық жағынан негізделген және белгілі бір мөлшерде толық болуы қажет.

Ішкі аудит өз міндеттерін орындау үшін ол қызметтің жетекшісі жоғарғы басшылардың алдында есеп беруі керек. Ішкі аудиттің көлемін анықтау, жұмысты жүргізу және нәтижелер туралы қорытынды есеп ұсынушы процесіне үшінші тұлғалардың араласуына жол бермеу керек.

Ішкі аудиторлар өз жұмысын адал атқарып, мүдделер қайшылышынан аулақ болуы керек.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы ішкі аудит қызметін төмендегілер орындаі алады:

- Ишкі аудит органдарының арнайы қызметкерлері;
- Кәсіпорын штатында тұратын қызметкерлер;
- Ревизиялық комиссиялар (ревизорлар);
- Ишкі аудитті жүргізу мақсатында шақырылған сыртқы аудиторлар.

Осылайша, ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ішкі аудит қызметін жүзеге асыру үшін аудиторлық лицензияның қажеттілігі міндетті болмайды.

Ішкі аудит басшыға оның міндеттерін атқаруға ықпал ете отырып, оны ақпаратпен қамтамасыз етіп және кенес бере отырып, кәсіпорындардың қызметін онтайландыру үшін құрылады.

Ішкі аудит қызметінің жетекшісі жоғарғы басшылардың алдында ішкі аудит қызметінің мақсаттары, міндеттері мен өкілеттіктері, сонымен қатар жұмыс жоспарының орындалуы туралы кезең сайын есеп беріп отыруы керек. Қортынды есептің құрамына сонымен бірге маңызды тәуекелдіктер, бақылау мәселелері және корпоративтік басқару жөніндегі ақпарат, жоғарғы басшыларға қажетті басқа да мәліметтер кіреді.

Ішкі аудит жүйесінің тиімділігі көп жағдайда оның ұйымның ұйымдастыру құрылымындағы орнына тәуелді болады. Ұйымда оның құрылтай құжаттарын немесе ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес ревизор тағайындалуы, ревизиялық комиссия немесе ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Егер де шаруашылық ішіндегі бақылау қоғамдық бастамада қызмет ететін ревизорға немесе ревизиялық комиссияға жүктелсе, тәжірибе көрсеткендей, бақылау жүйесіне көніл бөлмеуі, қаржылық есептің мәліметтерін бұрмалауы мүмкін. Шаруашылық ішіндегі бақылау, басқару аппаратының жеке бөлімшесі болып табылатын ішкі аудит қызметі (бөлім, топ) арқылы жүзеге асырылатын болса іс бақаша болады. Мұндай қызмет бақылаушы тәсілдер мен кәсіпорындары процедурапардың тиімділігін тексеру, әкімшілікке бөлімшелердің барлығының қызметін бақылау және меншік иелерінің занды мүліктік мүдделерін қорғау мақсатында құрылады. Ишкі аудит қызметінің жетістігі оның басқа бөлімшелерден тәуелсіздігі, ол осы қызметтің тікелей кәсіпорын басшысына бағынуы болып табылады.

Әзінің қызметін атқару үшін ішкі аудит қызметі кәсіпорынның ерекшелігін, оның ұйымдастыруышылық құрылымын, бақылау көлемін, тексеруге жататын сұрақтар шенберін, заң және нормативті актілерді біletіn, техника мен тексеруді жүргізу тәсілін біletіn, есепті-экономикалық мәліметті жинақтап және талдай алатын, тексеру нәтижелері бойынша қортынды мен ұсыныстар жасай алатын, маманданған және сенім білдіруге болатын мамандардан жинақталуы керек. Бақылау қызметкерлері үшін қажетті жағдай жасалуы, орын, транспорт бөлінуі, компьютерлі және ұйымдастыру техникасы, бағдарламалық құралдар, мәліметтердің нормативті және анықтамалық базасы ұсынылуы керек.

Ішкі аудитор келесі көрсеткіштерді бағалай отырып, жұмысқа өзінің кәсіби белсендерлігін танытуы керек:

- аудиторлық тапсырманың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті жұмыс көлемін;
- кепілдік берілетін мәселелерге қатысты мәнділігін немесе маңыздылығын, қатысты курделілігін;
- өздеріне қатысты кепілдік берілетін мәселелердің мәнділігін немесе маңыздылығын, салыстырмалы курделілігін;
- корпоративті басқару мен бақылауды, тәуекелдіктерді басқару процестерінің тиімділігін және бірдейлігін;
- маңызды қателіктердің, кемшіліктердің немесе зандар мен нормативтік актілердің, ішкі процедурапардың орындалмауының ықтималдылығын;
- болашақ пайдамен салыстыра отырып, аудиторлық кепілдіктерді беруге кеткен шығындарды.

Жұмысқа деген кәсіби белсендерлікте таныту шенберінде ішкі аудитор аудиттің компьютерленген әдістерін және мәліметтерді талдаудың басқа да әдістерін пайдалану мүмкіндігін қарастыруға міндетті.

Ішкі аудитор ұйымның ресурстары немесе қызметіне, мақсаттарына әсер ете алатын маңызды тәуекелдіктердің бар болуына дайын болуы керек. Сонда да, аудиторлық кепілдіктерді беру кезінде жүзеге асырылатын процедурапар, тіпті олардың жеткілікті кәсіби деңгейде жүргізілгенде жағдайда қарамастан, барлық маңызды тәуекелдіктердің анықталуына кепілдік бермейді.

Біздің пікіріміз бойынша, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы ішкі аудиттің негізгі қызметтеріне төмендегілер жатады:

- Қазіргі нормативті актілерге, есепті саясат, нұсқалар, басшылықтың шешімдері мен нұсқаулары талаптарының сәйкес келуін тексеру;
- Басқарушылық есепті жүргізуін әдістемесі мен техникасын тексеру және осы жүйені жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасау;
- кәсіпорын мүлкінін санын, жағдайын және қамтамасыздығын, салық төлемдерін төлеудің толықтығы мен дер кезінде жүргізілуін тексеру;
- Құрылтайшылар мен әкімшілікке басқарушылық есеп, салық салу жөнінде кеңестер беру және анықталған келенсіздіктерді жоюға ұсыныстар жасау;
- Сыртқы аудитті жүргізуге, салық тексерулерін жүргізуге дайындықты ұйымдастыру және т.б.

Ішкі аудиторлар аудиттің мақсаттарына қол жеткізу үшін сенімді, маңызды ақпараттардың жеткілікті мөлшерін жинауы керек. Олар тиісті талдау жасау мен ақпаратты бағалаудың негізінде аудиттің нәтижелерін шығарып, қорытындыларын берулері керек.

Бірақ ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында тек ішкі аудит қана емес, сонымен қатар меншік иелерін және олардың меншігін басқарушыларды кәсіпорын жұмысының нәтижелерімен ақпараттау мақсатында, сыртқы аудит те жүргізуі мүмкін. Өйткені, әкімшілік аппаратының басқарушыларына тәуелді ішкі аудит органдарынан алған мәліметтерге, меншік иелері әрдайым сенім білдіре бермейді.

Біздің пікіріміз бойынша, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының ішкі аудитінің мақсаты қаржылық есепте көрсетілген қаржылық жағдай, операциялар нәтижелері және шаруашылық субъектісінің материалды, еңбек және қаржылық құралдарының қозғалысы туралы мәліметтердің бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидалары мен заңды нормаларға сәйкестігі туралы пікірді қалыптастыру.

Көп жағдайларда ішкі және сыртқы аудит бірін бірі толықтырады, бірақ ішкі шаруашылық бақылауының ішкі аудит сияқты ерекше элементтінің функционалды қызметін анықтау мен жұмыс істеуінің қажеттілігі сұрақтарын зерттеу кезінде маңызды ерекшеліктерге ие болады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорынның ішкі аудит жүйесінің сыртқы аудиттағы орны суретте көрсетілген.

Осы сызбаға сәйкес аудит үрдісін үш сатыға бөлуге болады:


1. аудитті алдын ала болжай және жоспарлау;
2. ішкі аудит жүйесін бағалау;
3. тәуелсіз аудиторлық тестілерді жүргізу, аудиторлық қорытынды жасау және клиент үшін тексеру нәтижесі бойынша ұсыныстар жасалынатын ақырғы саты;

Аудиттің халықаралық стандарттары сыртқы аудиторлардан аудиторлық қызметті жүзеге асырудың тиімді тәсілін жоспарлауға және жасауға көмектесуді жүзеге асыру үшін, сонымен қатар ішкі аудитордың жұмысына сүйенудің керектігін және мүмкіндігін анықтау үшін аудиттың атқаратын қызметтерін жеткілікті дәрежеде біліп түсінуді талап етеді. Мұндай бағалау кез келген жағдайда аудиторлық тәуекелдікке және бақылаудың жалпы саясатына аудитордың беретін бағасына ықпал етеді.

Ішкі бақылау процедураларына, сонымен қатар ішкі аудиттің процедураларын қайта жүргізуге бақылау орнату қажеттігі туындауы мүмкін. Сыртқы аудитордың сенімділік дәрежесі құжаттарда көрсетілуі керек.

Теориялық аспектілердің жүргізілген зерттеулерінен, ішкі бақылау жүйелерін бағалаудан, сонымен қатар аудиторлардың ішкі аудит жүйесін тәжірибелік бағалауының қазіргі тәжірибесін зерттеуді басшылыққа ала отырып, мазмұны әртурлі операциялар бойынша ішкі бақылауды бағалауға мүмкіндік беретін арнайы жұмыс құжаттарын жасаулары керек.

Меншік иелері мен мемлекеттің мүлкітік мұдделерін қорғауға ықпал ететін, Қазақстан Республикасының территориясында тәуелсіз қаржылық бақылау жүйесінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының № 304-1 «Аудиторлық қызмет туралы» (өзгертулер мен қосымшалармен) Заңымен анықталады [4].



Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында аудитті жүргізу

Жоспарлаумен, ұйымдастырумен, мотивация мен реттеумен бірге, ішкі аудит, оның ішінде өндірістік шығындардың ішкі аудиті басқарудың бір қызметі болып табылады. Өндірістік шығындардың ішкі аудиті – басқарудың калған қызметтері толық жүзеге асырыла алмайтын, кәсіпорынды басқарудың қажетті элементі. Оның қызметінсіз жоспарлар қағаз жүзінде қалады, ұйымдастыру туимсіз болады.

Ішкі аудит мәліметтерінің қайнар көздері төмендегілер:

- өзіндік құнының құралу процесін реттейтін нормативті актілер;
- өнеркәсіптік кәсіпорындарда өнімінің өзіндік құнын жоспарлау, есепке алу және калькуляциялау бойынша негізгі жағдайлар және сәйкес салалық нұсқаулар;
- шаруашылық субъектісінің төл құжаты;
- өндіріске, қондырығыларды ұстау және пайдалануға шығындардың нормативі;
- өнімінің жекелеген түрлерінің өзіндік құнының калькуляциясы;
- «Өнімінің өзіндік құны бойынша жоспардың орындалуы туралы есеп» статистикалық есептің формасы;
- сонымен қатар синтетикалық және аналитикалық есептің мәліметтері.

Өнім өндірісі аудитінің әдістемелік тәсілі:

- саралтама;
- шикізат пен материалдарды сынама шығару;
- таңдамалы және жаппай бақылау және тағы басқалары, бірақ олардың бәрі халық шаруашылығының жекелеген салаларының қызметінің ерекшелігіне тәуелді болады.

Бір мезетте әртүрлі белгілер бойынша шығындарды топтау есепке алудың мүмкіндіктерін шектейді.

Шығындар негізінде ең үлкен үлес салмақты материалды шығындар мен жалақы алады. Ишкі аудитті жүргізу кезінде өндірісте калькуляция баптары кесіндісіндегі негізгі шығындардың белгіленген нақты тізімі болуы керек.

Материалды шығындардың аудитінде өнімнің калькуляциялық өзіндік құнында шикізаттар мен материалдардың қайтарымды қалдықтар құнына кемітінін есте сақтау керек, қайтарымды қалдықтар санын оларды қоймаға тапсыру кезіндегі үстеме және қойма есебінің карточкалары арқылы анықтауга болады. Қайтарымды қалдықтар кәсіпорын ішінде пайдаланылған жағдайда бастапқы материалдың төмендетілген бағасы және қалдықтарға, оларды жинауға кеткен шығындарды алып тастап, бекітілген бағада анықталады. Егер де қалдықтар толыққанды материал ретінде өткізілсе, онда олар бастапқы материалдың толық құнымен бағалануы керек. Егер де қалдықтарды пайдалану бір реттік сипатта болса, онда олар тұтынушымен келісілген, мүмкін пайдалану бағасымен өткізіледі.

Өндірісте материалды ресурстарды мақсатты пайдалануды тексеру үшін материалдарды, отын, қосалқы бөлшектерді және т.б. бөлу ведомосын пайдаланған жөн. Осы ведомостар бойынша материалды шығындардың сәйкес өндірістік шоттарға норма бойынша жатқызылуы және нормадан ауытқуы тексеріледі.

Өндірісте ысыраптарды есепке алу бойынша өнімнің ақауының есебі, тұрып қалудан ысыраптардың сомасы қандай кінәлілерге жүктелгені, жетпей қалулар және т.б. тексеріледі. Тұрып қалулардан ысыраптар есебін арнайы құжаттар – тұрып қалу қағаздары арқылы тексеріледі.

Өндірісте жетпей қалулар мен артық шығуды есепке алу инвентаризация кезінде жүргізіледі. Жетпей қалулар оперативті бақылаудың нақтысыздығынан, талан-таражға салу және басқалай себептерден болады. Аудитор осы жетпей қалу көлемі нақты кінәліге жатқызылғанын тексереді.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында шығындарды есепке алудың соңы кезеңі өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау бойынша есептерге бақылау жасау болып табылады.

Өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын калькуляциялау аудиті өнімнің нақты өзіндік құны туралы есепке алу мәліметтерінің дұрыстығын, оларды өндіру мен өткізуіндегі нақты шығындарын есепте толық және дұрыс сипаттауды, өндіріс шығындарын есепке алу және дайын өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау тәртібін сактауды бақылауды қамтиды.

Ишкі аудиторлар аудиттің нәтижесі бойынша қорытынды есеп тапсырулары қажет. Қорытынды есептің құрамында аудиторлық тапсырмалардың мақсаттары, аудиттің көлемі, сонымен катар тиісті қорытындылар, ұсыныстар және іс-әрекеттердің жоспары жөнінде ақпарат болуы керек. Қорытынды есепке тиісті тіркемелерімен қоса ішкі аудиторлық тексерудің актісі тіркеледі.

Корытынды есеп объективті, толық және уақытылы құрылған болуы керек.

Ішкі аудиттің жетекші мақсаты мен менеджменттің ұсыныстарды орындауға бағытталған нәтижелі қадамдарды қолданғанына көз жеткізу болып табылатын бақылау мен бағалаудың келесі кезектегі процесін белгілеуге тиісті.

Кәсіпорынның өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметінің ішкі аудитінің актісі – лауазымды тұлғалардың ішкі аудитті жүргізу фактісін дәлелдейтін, сонымен қатар жалпы кәсіпорынның және оған сәйкес құрылымдық бөлімшелердің өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың нәтижелерін бейнелейтін, анықталған кемшіліктер мен нормативті-құқықты актілердің, ішкі стандарттар мен ережелердің орындалуының сакталауын көрсететін қызмет құжаты.

Кәсіпорынның өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметі ішкі аудитінің актісін жоғарғы басшылар тағайындаған комиссия жасайды. Бұл актіде жүйелі түрде кәсіпорынның өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметінің объектілерін тексерудің нәтижелерін көрсетеді. Кешенді аудиттің актісі заннамалық актілерді бұзуды, кемшіліктердің занды түрдегі дәлелдемесі болып табылады. Осының кесірінен меншік иесіне аудит жүргізу процесінде анықталған зиян келтірілген. Сондықтан оның азаматтық зандардың талаптарын, бухгалтерлік есептің стандарттарын, есеп саясатын,

кәсіпорынның ішкі бақылау бойынша саясатын, сонымен катар ведомстволық нұсқаулықтарды, ережелерді және министрліктер мен ведомстволар бекіткен басқа да нормативтік құжаттарды есепке ала отырып жасау керек. Шаруашылық операцияларын рәсімдеумен қатар жаппай және ішінәра тәсілмен тексерілген құжаттарды міндettі түрде көрсету керек. Бұл қажет жағдайда нақты шаруашылық операциясының аудитор бақылауының объектісі болғандығын және ішкі аудитор қандай қорытындылар жасағандығын анықтауға мүмкіндік береді.

Актінің кіріспе белгіне бақыланатын кәсіпорынның орналасқан жері мен құрылу мерзімі, аудиторлардың құрамы, бақыланатын кезең, аудитті жүргізуінегізі, аудитті жүргізуін үақыты және жекелеген операцияларды құралдарды тексерудің толықтығы, тексеру кезеңдері туралы басқа да мәліметтер және т.б. кіреді.

Есеп пен бақылау жүйесін тексеру барысында жауап алынбаған мәселелер ғана қарастырылады. Егер де сұрастыру нәтижесінде бақылау процедуралары толық қалыптасып тиісті деңгейде ұйымдастырылмағаны анықталса, келтірілген процедуралардың толық тізімі қолданылады.

Жалпы қорытынды: операцияларды құжаттық рәсімдеуге бақылауды қүшету, тиісті жұмысшылармен алғашқы құжаттарды дұрыс толтыру бойынша нұсқаулар беру.

Кәсіпорын басшыларына ұсыныс- нұсқаулар:

- 1) Ағымдагы кезеңдегі есепте түзету жұмыстарын жүргізу;
- 2) Бухгалтерлік анықтама жасау;
- 3) Салықтар мен үстеме төлемдерді қосымша төлеу;
- 4) Заң бұзушылықтар анықталған кезеңдерде ҚҚС бойынша есептеулерді нақтылап анықтау (талғаммен тексеруде).

Ұсынылған құжат нысандары ішкі аудиторлармен қорларды бақылауды жүзеге асырудың әдістемелік негізін құруға мүмкіндік береді.

Тексерудің бұндай әдісі мен жұмыс құжаттары бақылауды тиісінше ұйымдастырғанда, яғни тәуелсіздік қағидасын сақтағанда, кәсіпорынның басқа да қызметкерлерімен пайдаланылуы мүмкін.

Біздің ойымызша, ішкі аудит қызметін ауыл шаруашылығы ұйымдарында бірнеше шаруашылықтар бірігіп жеке аудитор немесе арнайы маман жалдау арқылы жүзеге асыруға болады және оның болашағы мен маңызы зор деп есептейміз.

ӘДЕБІЕТ

- 1 Аблевов Д.А. Аудит негіздері. – Алматы: Экономика, 2005. – 294 с.
- 2 Ажибаева З.Н., Байболтаева Н.Ә., Жұмагалиева Ж.Ф. Аудит: Оқулық. – Алматы, 2006. – 601 б.
- 3 Жақыпбеков С.Ж. Ишкі аудит. – Алматы: Экономика, 2008. – 344 с.
- 4 КР «Аудиторлық қызмет туралы» заңы 20.11.1998 ж. № 304-1 (өзгертулер мен қосымшалармен).

REFERENCES

- 1 Ablenov D.A. Audit negizderi. Almaty: Jekonomika, 2005. 294 s.
- 2 Azhibaeva Z.N., Bajboltaeva N.Ә., Zhұmagaliева Zh.F. Audit: Oқułyk. Almaty, 2006. 601 b.
- 3 Zhaqypbekov S.Zh. Ishki audit. Almaty: Jekonomika, 2008. 344 s.
- 4 KR «Auditorlyk қызмет turaly» zanu 20.11.1998 zh. № 304-1 (ezgertuler men kosymshalarmen).

Резюме

A. T. Кокенова, A. P. Калымбетова

(Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан)

ВНУТРЕННИЙ АУДИТ КАК СРЕДСТВО ОРГАНИЗАЦИИ ВНУТРИХОЗЯЙСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

В статье рассматриваются вопросы организации внутреннего аудита, как средства внутрихозяйственного контроля, в сельскохозяйственных организациях. Для эффективного осуществления всех функций организаций, для повышения производства продукции, снижения себестоимости, для совершенствования хозяйственных механизмов и механизмов управления необходимо постоянно анализировать отдельные процессы деятельности субъектов и внутрихозяйственный контроль во всех звеньях.

Ключевые слова: внутрихозяйственный контроль, внутренний аудит, внешний аудит, контроль-приверка, финансовая информация.

Summary

A. T. Kokenova, A. R. Kalymbetova

(International Kazakh-Turkish University named by Kh. A. Yassavi, Turkestan, Kazakhstan)

INTERNAL AUDIT AS MEANS OF ORGANIZATION OF INTERNAL CONTROL ARE IN AGRICULTURAL ORGANIZATIONS

The questions of organization of internal audit, as facilities of internal control, are examined in this article, in agricultural organizations. For effective realization of all functions of organizations, for the increase of production of goods, decline of prime price, for perfection of economic mechanisms and management mechanisms it is necessary constantly to analyse *внутрихозяйственный* control in all links and separate processes of activity of subjects. An internal audit is the quality internal checking system after organization of record-keeping on an enterprise. control in all links and separate processes of activity of subjects.

Keywords: intraeconomic control, internal audit, external audit, control check, financial information.

Поступила 22.04.2014г.